КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 маусым Іс №7119-24-00-2/6499 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Шырын» жеке кәсіпкері
«Камал Алишер Рустамұлы» жеке кәсіпкері
«SUNSHINE SERVICE» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Шырын» жеке кәсіпкеріне, «Камал Алишер Рустамұлы» жеке кәсіпкеріне, «SUNSHINE SERVICE» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Шырын» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Шырын» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 577 теңге

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тұрақсыздық айыбы және 1 863 мемлекеттік баж, барлығы 2 440 (екі мың төрт жүз қырық) теңге өндірілсін.

«SUNSHINE SERVICE» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«SUNSHINE SERVICE» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 45 500 теңге тұрақсыздық айыбы және 3 211 мемлекеттік баж, барлығы 48 711 (қырық сегіз мың жеті жүз он бір) теңге өндірілсін.

«Камал Алишер Рустамұлы» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Камал Алишер Рустамұлы» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 25 800 теңге тұрақсыздық айыбы және 2 620 мемлекеттік баж, барлығы 28 420 (жиырма сегіз мың төрт жүз жиырма) теңге өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есибаев К.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 10.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.07.2024, судья Бакишев А. Б., 02.08.2024